

Шетелдердегі жәдігерлер

Премьер-министр Иманғали Тасмағамбетовтің тікелей араласуымен моңғол жеріндегі Күлтегін ескерткішінің көшірмесі Жапонияда жасалып, елімізге әкелінгені барша жұртқа аян. Астанаға жолым түскен сайын Гумилев атындағы Еуразия университетінің ғимаратына қойылған Күлтегін ескерткішіне соқпай кетпеймін. Бір құдіретті күш менмұндалап шақырып, ылғи да аңсарым ауып, көргім келеді де тұрады.

Барған сайын, көрген сайын жаным толқып, әр түрлі ойларға батамын. Рухы мықты ата-бабаларымыз есіме түседі. Ерліктері мен өсиеттері ойыма оралады.

Еңсем көтеріледі. Рухтанамын. Даңқты ата-бабаларымның өлмес рухына тағзым етемін, ойша сырласамын. Көп-көп сыр ашатын... көп-көп сыр айтатын... көп-көп сыр ұқтыратын сияқты.

Расында Күлтегін ескерткішінің көшірмесін елге әкелудегі мақсат та ұлттың рухын ояту, түп-бастауына қайырылту, өткеннің тағылымына мойын бұрғызу, тарихымыз бен мәдениетіміздің тамыры тереңдігіне көз жеткізу емес пе?! Жас ұрпақтың ойын ұштап, талғам мен танымның да шекшекарасын кеңейте түсері сөзсіз. Бұл - алтынмен өлшей алмайтын Рухани Қайтарым.

Әрине, Күлтегін ескерткішінің көшірмесін әкелуге аз шығын кетпегенін білеміз, сеземіз. Дегенмен, бұндай материалдық шығынның он, жүз, мың, миллион еселеген рухани қайтарымы болатынын үнемі есте ұстаған жөн сияқты.

Осыдан шығарып біздің айтпағымыз, шетелдерде халқымыздың бұндай тарихи һәм мәдени жәдігерлері қаншама. Сансыз. Оларды санап, тізімге алып жатқан да ешкім жоқ. Неге? Біз олардың бағасын біліп, қадіріне жете алмаймыз. Ал өсетін ел, ертеңінен үміті бар ел ең алдымен тарихын түгендеп алады. Ата-бабаларының рухы сіңген осындай асыл мұраларын түгендеп, тізімдеп алады. Елдік пен ұлттықты, рухты түгелдеу үшін.

Моңғол жеріндегі тарихи ескерткіштерді, қытай еліндегі сансыз мәдени һәм жазба жәдігерліктерді айтпағанның өзінде, өзіміз үш ғасырға жуық боданы болған Ресейдегі сан мыңдаған қазына-мұраларымыздың соңына шырақ алып түсіп, неге түгелдеп-тізімдемеске?!

Мен 2000 жылы Ресейдің Мәскеу, Санкт-Петербург, Омбы, Орынбор қалаларындағы мұрағаттар мен мұражайлар үйін толық сүзіп шықтым. Сонда бір байқағаным, біздің тарихымыз бен тұлғаларымызға қатысты құнды мұралар тіптен көп екен. Солардың бірде-біреуінің көшірмесі алынбаған, бізде хатталып, тізімделмеген. Мәселен, сол сапарымызда Мәскеу қаласындағы Қазіргі тарих мұражайының көрме залында тұрған Күн құдайының тасқа қашалған бейне-мүсінін көріп, ерекше әсерлендім. Жанынан кете алмай, тебіреніп ұзақ тұрдым. «Қазақстаннан табылған» деп тайға таңба басқандай астына жазылып қойылған осынау тарихи тас мүсінді бізде кім біледі? Білсе, бірлі-жарым көзі ашық, көкірегі ояу адамдар білетін шығар. Ал жалпы халық... одан мақұрым. Осы ескерткіш-тастың да

көшірмесі, тым құрыса фотокөшірмесі әкелініп, астына арқалы ақынымыз Мағжан Жұмабаевтың:

*Ерте күнде отты Күннен Гун туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам! –*

деген тарихи өлең жолдары жазылып қойылса, қандай жарасып тұрар еді-ау! Жарасып тұрғанын да қойшы, жас ұрпақтың таным-түсінігіне, жан дүниесіне ерекше әсер етер еді-ау!.. Ал бұндай ұлтымызға қатысты бұйымдар Ресей мұражайларында жетіп-артылатынын өз көзімізбен көрдік. Өз қолымызбен ұстап қайттық. Көрген сайын әрқайсысына бір шұқшиып, ерекше көңіл күйге бөлендік. Сол көріністер менің көз алдымнан әлі күнге дейін кетер емес. Ұмыту да мүмкін емес!..

Ата-бабамыз тұтынған дүние-мүліктер ғой олардың бәрі. Тек кейіннен өткен елдің қанжығасына байлап, тақымына басып кеткені болмаса...

Ондай қазына-байлықты енді басы бүтін қайтарып алу қияметтің қайымы екенін білеміз. Дегенмен, шетелдердегі сондай материалдық һәм рухани мұраларды түгендеп, тізімдеп, түрлі фотоальбомдар шығаратын кез жеткен сияқты. Сондықтан осы мәселені тиісті мекемелер қаперде ұстап, қолға алса екен деген тілегіміз бар.

Лайым, сол күнге жеткізсін!

Думан Рамазан, жазушы, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері

2004 жыл